



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МУҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

2000 жыл



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме



90

Қайырымды қала,
Кешіргін мені, қайтейін!
Жатайын барып төсінде асқар тауымның,
Кешіргін мені,
Көк жайлауымды сағындым!

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ Электронды көрме

90

Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев

Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет

Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев (9 ақпан 1931, Алматы облысы, Райымбек ауданы Қарасаз - 27 наурыз 1976, Алматы) шын аты *Мұхаммедқали* – қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, өз заманында лайық бағасын ала алмаса да өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақиық ақын.

Мазмұны [жасыру]

- Өмірбаяны
- Поэзиядағы алғашқы қадамдары
- Шығармалары мен аудармалары
 - Поэмалары
 - Өлең үзіндісі
 - Ақынның заты өлгенмен, аты өлмейді
- Дереккөздер
- Сыртқы сілтемелер

Өмірбаяны

Ол 1931 ж. 9-шы ақпанда Алматы облысы, қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Албан тайпасы Алжан руынан шыққан. Ақынның туған күні жөнінде екі түрлі ақпарат бар. Алайда, құжаттар бойынша ақынның туған күні ақпанның 9-нда тойланады.

Екінші ақпарат: ақынның анасы Нағиман апа былай деген: «Мұқағалиым 1931 жылы наурыз айының 8-інде дүниеге келген болатын. Жаңылысуым мүмкін емес. Себебі балам мынау фәнидің есігін ашқаннан біраз уақыт кейін Наурыз тойы болады, наурыз көже жасаймыз деп күтіп отырғанбыз.» Мұқағали Мақатаев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты Оразақын Асқар ақынның екінші туған күніне байланысты мынадай сөз айтады: «Ал құжат бойынша Мұқағали 9 ақпанда дүниеге келген. Бұл куәлікті ақын ес білген кезде сол кездегі сайлау науқанына байланысты өзі жаздырып алған екен».^[1] Азан шақырып қойылған аты - Мұхаммедқали.^[2] Әкесі қарапайым шаруашы: колхозда сушы, шалғышы болып істеген. Мұқағали үйдің тұңғышы болған, оның артынан бір қыз және үш ұл туған. Ақынның қарындасы мен алғашқы інісі ерте көз жұмған. Соңғыларының есімдері - Тоқтарбай мен Көрпеш. Қазақ дәстүрі бойынша үйдің алғашқы баласы ата-әжесінен тәрбие алуы тиіс, сондықтан Мұқағали әжесі Тиынның қолында өсіп, анасын жеңгесіндей қабылдайды. Балалық шағы соғыспен қатар өткендіктен, ақын тағдырдың ащы дәмін ерте татады ("Неңді сенің аңсаймын, бала шағым?"). Мұқағалидің әкесі 1941ж Калининград майданында қаза табады.^[2]

Мұқағали Мақатаев




Туған күні	9 ақпан 1931
Туған жері	Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Шалкөде ауылы
Қайтыс болған күні	27 наурыз 1976 (45 жас)
Қайтыс болған жері	Алма-Ата, Қазақ КСР, КСРО
Азаматтығы	 Қазақ КСР
Ұлты	қазақ
Мансабы	ақын, жазушы, аудармашы

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90



**ҚАРАСАЗ ҚАРА ШАЛҒЫН ӨЛЕҢДЕ ӨСТІМ,
ЖЫР ЖАЗСАМ, ОҒАН, ЖҰРТЫМ, ЕЛЕҢДЕСТІҢ.
ӨЛСЕ ӨЛЕР МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ,
ӨЛТІРЕ АЛМАС АЛАЙДА ӨЛЕҢДІ ЕШКІМ.**

Мұқағали



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

ҚАРА ӨЛЕҢ

Қалқам,
Мен Лермонтов, Пушкин де емен,
Есенинмін демедім ешкімге мен.
Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.

Жат жерді жастанғанда жазатайым,
Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым.
...Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын,
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым.

Абайға тән – маған да тән сыбаға,
Келсін, мейлі келмесін тәржімаға.
Осы менің отырып оңашада
Оқитұғын намазым әр жұмада.






Ақынмын деп қалай мен айта аламын,
Халқымның өз айтқанын қайталадым.
... Күпі киген қазақтың қара өлеңін
Шекпен жауып өзіне қайтарамын...

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ Электронды көрме

90




ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ Электронды көрме

90



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90

МЕН ДАҒЫ ӨЛЕҢ ЖАЗБАЙМЫН

**Мен дағы өлең жазбаймын ермек үшін,
Ермек үшін немесе өлмеу үшін.
Жазсам, жазам жырды мен, жасырмаймын,
Жаралы жүректерді емдеу үшін.**

**Ермек үшін белгілі жырламасым,
Ермек десе, ел мейлі тындамасын.
Өтсем болды арқалап адамдардың,
Қуанышын, шаттығын, мұң-наласын.**

**Қуат алып Абайдың тіл күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден.**

**Өлмеу үшін, құлқынды жемдеу үшін,
Мен дағы өлең жазбаймын ермек үшін.
«Жаздым үлгі жастарға бермек үшін»,
Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін.**

Мұқағали

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ




МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

Мұқағали Мақатаев

Қош,
махаббат





Мұқағали Мақатаев

Аққулар
ұйықтағанда



Мұқағали
Мақатаев

Қос қарлығаш



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

Қайран Қарасазым-ай!

Тамаша еді жазғы орман:
Құстар сайрап мәз болған.
Көлшіктерде, суларда
Үйрек ұшып, қаз қонған.

Шыбын-шіркей іле ме,
Шоршып судан ақ шабақ?!
Таз тырна отыр жағада,
Сыңар аяқ, ақ қабақ.

Көкқұтандар көлбендеп,
Көтеріле алмайды.
Жалғыз-жалғыз ербендеп,
Көк қояндар заулайды.

Елік ертіп лағын,
Еңкейеді суатқа.
Елендетіп құлағын,
Тыншымайды бірақта.

Мұздай суын атқылап,
Ақ бастаулар қайнаған.
Тана-торпақ шапқылап,
Оқыралап ойнаған.

...Тамаша еді жазғы орман:
Тамашалап мәз болғам,
Қайран Қарасазым-ай,
Үйрек ұшып, қаз қонған!..

Қарасаз — [Алматы облысы Райымбек ауданындағы](#) ауыл,
[Қарасаз ауылдық округі](#) орталығы.

Географиялық орны. Аудан орталығы – [Нарынқол](#) ауылынан солтүстік-батысқа қарай 42 км. жерде, Шалкөдесу өзенінің жағалауында, [Қаратау жотасының](#) батысында, бетеге, сұлыбас, боз, т.б. астық тұқымдас шалғынды шөп өскен қызғылт қоңыр, қара топырақты тауаралық жазықта орналасқан.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

Ақынның туған жері

90



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ




90

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

ҮШ БАҚЫТЫМ

- Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
- Соған берем ойымның алтын кенін.
- Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
- Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.
 - Ал екінші бақытым – Тілім менің,
 - Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
 - Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
 - Қасиетті тілімнен түңілмедім.
 - Бақытым бар үшінші – Отан деген,
 - Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
 - ...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба –
 - Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен...



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



90

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ Электронды көрме

Ауыл мұғалімі. Оқырмандарымен



Қауымдастарымен



Тоқашпен



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



90

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

Мен - таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.

Бұлт бүркеніп, жай оғын ала туғам.

Күн алғашқы сәулесін маған шашып,

Маған келіп түнейді қара тұман.

Тау ұлымын,

Тау – менің дәу бесігім.

Мен – оның әуресімін, сәулесімін.

Асқар шындар желпиді бесігімді,

Бір орамын ағытып сәлдесінің.

Мен – таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.

Тау деген Ана туған дара тұлғам...



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90

► **Фаризаға**

Фариза!

Фаризажан, Фариза қыз,

Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.

Шыдай-шыдай ақыры жалығармыз,

Бірімізден біріміз арылармыз.

Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,

Шаң басқан архивтерден табылармыз.



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**



90

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

- Дариға, домбырамды берші маған,
- Жаныма келші, жарым, келші, балам!
- Бейуақ, іңірдегі көңіліме,
- Күй болып күңіреніп енші, далам!



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

- Алматы, сағынғаным-ай,
- Аяулы қауымдарым-ай!
- Бауырларым-ай!
- Сағынғаным-ай!
- Сағынғаным-ай!



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90



- Қазақстан!
- Пай, пай, пай!
- Ардағым-ай!
- Сен - менің Шолпанымсың жанған ұдай.
- Өзінде өмір сүру қандай бақыт,
- Өлмейтін махаббатым, арманым-ай!..

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



90

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

ҚАЙРАН ЖЕҢГЕМ



- ▶ Су сұраса сүт берген, айран берген,
Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем!
Қарғаның валетіндей едірейіп,
Қасына мына біреу қайдан келген?
- ▶ ...Күлкің қайда күмістей сыңғырлаған,
Жүзің неге ымырттай тұнжыраған?
Бұғалыққа тұрмайтын асау едің,
Сені әкеліп теліген кім мынаған?
- ▶ ...Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем!
Қайғыға мойымаушы ең, қайдан келген?!
Сағынып жүрсің бе әлде, қадірлім-ай,
Баяғы жастығыңды майданда өлген?..

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90

Қазақ радиосында

**Менің көзім енді ашыла бастағандай.
Басқаларды, қоршаған ортамды ұға бастадым.
Неге екенін, кейде маған бүкіл адамзаттың
баласы дос болып көрінеді, ал кейде туған
шешем де қас сияқтанып кететін сәттер бар.
Ол, сірә, менің адамдарға соншалық шектен
тыс жаным ашып, есесіне олардан да өзіме
сондай жанашырлық күткендіктен болар.**

Мұқағали 24.01.1975

Орыс тілінен қазақ тіліне аударған Бексұлтан Нұржеке



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90



- **Өлеңді 10-11 жасымнан жаза бастадым. Алғашқы өлеңім – «Қырман басында», «Қойшы бала Әкітай» 1949 жылы Нарынқолда «Советтік шекара» газетінде жарияланды.**

➤ **Мұқағали**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90

Шындығын айтқанда, мен бұрын денсаулық дегеннің, ауру дегеннің не екенін білмеуші ем. Тағдырым мені бұдан да тыс қалдырмапты. Бұрын білмесем, енді бар сырқаттың сырын түсінуге тура келді. Мен өлімнен қорқам ба? Қорқам.

Қорқатын себебім: өмірдің қуанышын татып көргем жоқ, шығармашылықтың қуанышына жолыққам жоқ, бар өмірімді жоқшылықта, жоқшылықтан үнемі үрейленуде өткіздім...

Мұқағали

31.01.1975

Орыс тілінен қазақ тіліне аударған Бексұлтан Нұржеке

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90

Мен тілеймін,
Жарқыным, сен де тіле:
Жаңғылық орнасын да жер бетіне.
Аққу тіле айдынның кәлбетіне,
Айдын тіле аққуды тербетуге.

Мен аңсаймын,
Сен дағы аңса жаным,
Жақрыдан жайлап ескен жан самалым.
Аңса, жаным,
Зарығып шарша, жаным,
Қалса да қанша ғұмыр, қанша амалың,
Аңса, жаным!

Мұқағали



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90

Ақынның жұмыс орны

... Адамдардың арасында болған алауыздық
мені де шарпымай өткен жоқ. Әзірге немен
тынары белгісіз. Барым менің, балам менің,
жарым, жақсылығым менің – поэзиям, тек
сені сақтап қалсам екен.

Мұқағали



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

ҰЯМ МЕНІҢ

- Біздің үй болатұғын осы арада,
 - Жататын бұлақ ағып босағада.
 - Орны да өшейін деп қалыпты ғой,
 - Өтіпті көп уақыт...
 - Тоса ма алда?
-
- Қазына болмаса да қамбасында,
 - Қарық боп отыратын нанға, суға.
 - Түтіні кернейінен түзу шығып,
 - Жалғыз үй жарбиятын жар басында.
-
- Ескермей тіршіліктің жарақатын,
 - Сонда да күн шығатын, таң ататын.
 - Бар сыйын табиғаттың өзі берген
 - Біздің үй керегіне жарататын.
-
- ...Қара орныңнан айналдым, ұям менің,
 - Күмістен мүсініңді құяр ма едім.
 - ...Әлдеқалай аспаннан құлап түссем,
 - Аядай босағанды қияр ма едің?






ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МУҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90




- **Өмірден менің күткен үмітім сол:**
- **Өлеңім, мен өлсем де, сен тірі бол!**
- **Ішінен жалыныңның сонда сенің**
- **Жабырқау жүрегімді тапсын менің.**
 - **Сәлем бер жас буынға, басыңды ій,**
 - **Мені сүйген адамды мен болып сүй.**
 - **Ежелгі әдетіңнен айнымастан,**
 - **Ғаріпті жұбата біл қайғы басқан.**
 - **Сендіргін болашақтың жас адамын,**
 - **Белгілі болсын менің жасағаным,**
 - **Өмірден менің күткен үмітім сол:**
 - **Өлеңім, мен өлсем де, сен тірі бол!**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90



Өмір-ай!

Өмір неткен құйын еді!

Жалықтырды басқаның сыйы мені.

Жақыныңның жалғанда жат болмағы,

Жасаған-ай, неғылған қиын еді.

Жаны құрғыр сондықтан күйінеді...




ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90



Моцарт. Жаназасы. II. Халық үні

**Біз сенімен,
Сен бізбен қанаттандың.
Қанаттанып, халқыңа нәр ақтардың.
Сенің көшің тоқтамас жер бетінде,
Өлмес мәңгі сапарға жаңа аттандың.**

**Әрине, суық қайғы, суық қайғы,
Көңілін халқың бірақ суытпайды.
Егерде халық өзін ұмытпаса,
Бақыл бол, халқың сені ұмытпайды.**

**Қайырымсыз қазаға елің бас ұрмайды,
Саған деген сағыныш басылмайды.
Табытыңды жасырса, жер жасырар,
Ал уақыт өзінді жасырмайды.**

Мұқағали


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90



**Жасым тоқсаныңа таянғанда,
Мұқағали туралы естелік айтуды
құдайдан сұраппын ба мен?!
...Тағдырдың ісіне шараң бар ма?**

**Өзі тіршілігінде көрмеген құрмет
пен қошаметті артында қалған біз –
отбасы, жары мен балалары,
бауырлары болып көріп жатырмыз.**

**Қайсыбірін айтайын. Алатаудай
айбарлымды ойласам, өзегім от
болып жанады...**

**Нағиман Батанқызы,
ақынның анасы**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

1969 жылы 14 маусымда Мұқағалидың бір топ өлеңдері «Қазақ әдебиетінде» жарияланды. Жазылған өлеңнің бәрі де біздің басымыздағы ащы шындық еді. Сол жырлар жарияланысымен Жазушылар Одағы өзінің секретариатын шақырып (Бірінші секретары Ә.Шәріпов), өлеңдерді дереу талқыға салды. М.Мақатаев өлеңдері күңгірт, көмескі, жұмбақ пессимизмнен тұрады, күйректілік сарында жазылған деп бірінен соң бірі іліп әкетіп, Мұқағалидың басын көтертпей тастады да, газеттің басшылары Н.Ғабдуллинге, жауапты хатшы Ж.Тәшеновке материалға жауапсыз қараған деп, тиісті шаралар қолданды. Бұл осындай жағдайдың біреуі ғана.

Мұқағали туралы ойлағанда, көз алдыма екі түрлі Мұқағали тұра қалады. Біреуі – күн шуақты, жайдары мінез, күлімдеп, жүзінен нұр шашып тұрған, үстіне тау құлатсаң да көтере беретін қайсар тұлға. Екіншісі – азуын қайрап атылуға әзір тұрған айбарлы арыстандай қаһарлы кескін.

➤ Ақынның зайыбы Лашын Әзімжанқызы



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90



Ақынның отбасы

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**



МУҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90

ӨМІР ДЕГЕН БІРЕУ БАР

**Жазықсызбын дей алман - жат көріндім,
Жазықтымын дей алман – ақкөңілмін.
...Өмір деген біреу бар билік құрған,
Билігінен мен соның қақ бөліндім.**



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

Зираттағы жазу

Сәлем бердік,
Бейтаныс жолаушылар!
Жолаушылап шаршаған боларсыздар.
Анау қырдың астында менің аулым,
Соғарсыздар, дем алып, қонарсыздар.

Менің үйім жылғаның жағасында,
Күйған тұсы бұлақтың қара суға.
Ағысымен бұлақтың тартсаң болды,
Сұрамай-ақ ешкімнен табасындар.

Қайсыбірін айтайын, қалды бәрі:
Ойы, тауы, орманы, балқұрағы.
Бесігіне туған жер бөледі де,
Әлдилейді алыстан тау бұлағы -
Мәңгі мені ұйқыда қалдырады.

Шешем байғұс жан еді сөзге білгір,
Сөйлесерлік кім оған кез келіп жүр?
Мұңын басып, ғаріптің көңілін ашып,
Әңгіме айтып берсеңдер, өздерің біл.
Қысқа өмірдің сапары сөз бе, құрғыр,
Асықпай-ақ ас ішіп, көздерінді іл.

Жарым менің жан еді дәті берік,
Беріктіктен жүр ме екен запы көріп?!
Балаларым ер жетіп кеткен шығар,
Алдарқауға келмес-ті тәтті беріп.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

Мұқағалидың ақындығы туралы:

Мұқаметжан Қаратаев (1910-1995)



- ...Арамыздан тым ерте кеткен тамаша ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың алғашқы қадамында-ақ оның аяқ алысынан айрықша талант иесі екенін аңғаруға болатын еді...

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

Мұқағалидың ақындығы туралы:

Әбділда Тәжібаев (1909-1998)



- *Мұқағали Мақатаев – біздің замандағы гажайып ақындардың бірі. Мақатаев атты алып ақындық жарқын жүзіне, миллион адам миллион түрлі пікір пайымдаса да, ешбір кіреуке, көлеңке түспей, келешекке қарай керуен түзеп, көше бермек.*

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90

Мұқағалидың ақындығы туралы:

Шерхан Мұртаза (1932-2018)



- **Мұқағали - жалғандықты, мүләйім жағымпаздықты, әдебиеттегі саудагерлікті, жалақорлықты, бәлеқорлықты жан-тәнімен жек көрген ақын.**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

Мұқағалидың ақындығы туралы:

Әбіш Кекілбаев (1939-2015)



- *М.Мақатаев – адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы. Оның өлеңдері шын тебіреністен, шын шабыттан, шын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған.*

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

Мұқағалидың ақындығы туралы:

Ұлықбек Есдәулет,
Қазақстан Жазушылар одағы
басқармасының төрағасы



- Ол – Мұқағали Мақатаев, қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы классигі, ақиқатты айтуға болмайтын уақытта ашынып та, астарлап та айтқан шын мәніндегі халық ақыны, ұлт мақтанышы.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

Мұқағалидың ақындығы туралы:

Төлеген Тоқбергенов (1935-1990),
әдебиет сыншысы



Мұқағали көкірегіне күй тұнған ақын еді...
Осынау жалғыз жолды ақын адамның, алғы
өмірге асыққан ақынның сағыныш-шері,
үздіктірген үміт, тағатсыз жүрек лүпілі ағыл-
тегіл жырға айналып жүре берген. Жалғыз
жолдан, жарқылсыз, жай сөздермен-ақ айтылған
қарапайым жолдан ақындық алапат күш
сезіледі.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



90

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

Мұқағалидың ақындығы туралы:

Сайлаубек Жұмабек (1946-2007),
әдебиет сыншысы



Мұқағали Мақатаев – дәуірлер мен ұрпақтарға тиесілі рухани болмысын артында қалдырған өз шығармалары арқылы нық орнықтырған іргелі дарындардың бірегейі.

Мұқағали Мақатаев – ХХ ғасырдың төл перзенті және қазақ совет поэзиясындағы шығармашылығы күрделі нар ақындардың бірі.

Мұқағали Мақатаев – ХХ ғасырдағы ұлы ақындарымыздың бірі. Мұны ұлы мәртебелі Уақыттың өзі дәлелдеді. Осылайша жазуымызға Уақыттың өзі әмір беріп отыр.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

Мұқағалидың ақындығы туралы:

Асқар Егеубаев (1950-2006),
филология ғылымдарының докторы,
профессор, ақын, аудармашы



Мұқағали Мақатаевтың азаматтық пафосы биік, сыршылдық тынысы кең, пынайы тіршілік өрнектеріне қанық шығармалары қазақ әдебиеті тарихында алпысыншы жылдардан бастап өзіндік ерекше орнымен көрінді де, ақын ұлттық поэзияның бірегей бітімді біртуар тұлғасына айналды.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

Мұқағалидың ақындығы туралы:

➔ **Бексұлтан Нұржекеұлы**



**Ойын сиқырлы сөзбен айта білу,
тапқыр ойды өрнекті тілмен жеткізе
білу – Мұқағали өлеңдерінің негізгі
күдіреті. Оның талай-талай өлең жолы
қанатты сөз боп халық аузында жүр,
Мақалға, мәтелге, үлгі сөзге сұранып
тұрған талайының әлі тәлейі алда.**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



90

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

Мұқағалидың ақындығы туралы:

Нұрлан Оразалин



Мұқағали – өзіне дейінгі өлең өру мен жыр сомдаудағы ұлттық мектептеріміз бен ұлы дәстүрлерімізді жалғап қана қоймай, оны жан-жақты дамытқан, тереңдеткен, қазақтың өлең сөзін жаңа заңғарларға көтерген, жаңа кеңістіктерге алып шыққан жиырмамыншы ғасырдың санаулы саңлақтарының санатынан, ...ерен жырдың жаратушысы, ұлы тұлға, ұлы ақын.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ




90

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

Мұқағалидың ақындығы туралы:

➤ **Роллан Сейсенбаев**



- Мұқағали поэзиясынан кеңдік, шыншылдық, зиялылық, мейірбандық атойлап белгі беріп тұрады.
- Ақын өлеңін, өлең киесі ақынды тастамады. Алып ақын алып өмірді ақын көзімен, азамат санасымен бойлай бағалап, терең зерделеуден тайған жоқ. Ақын көргенін, сезгенін, танығанын поэзияға айналдырып, өлеңнің алтын сандығына салмақтап жинай берді.
- Нағыз ақын, алып ақын, дара ойдың дарабоз ақыны Дешті Қыпшақтың асыл арғымағындай жыр әлемінде талмай шабады екен-ау!.. Өліммен қатар қонып жатып та Мұқағали ақын қуатты ойға берілген ерке жырын халқына тартуға асығыпты.
- Мұқағали ақын халқынан, халқы Мұқағалидан ара суытқан емес.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ




90

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

Мұқағалидың ақындығы туралы:



Адамды бөлмей, жатсынбай, адал жүрегін
ізейтін жер бетінде бір ақын бар десек және
оған шынымен сенер болсақ, ол – Мұқағали.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



90

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

Мұқағалидың ақындығы туралы:

➤ **Бекен Ыбырайым, филология
ғылымдарының докторы, профессор**



М.Мақатаев өлеңдерінен байқалатын көркемдік ерекшеліктердің бірі – ырғағының ешбір мүдіріссіз құйылып тұруы, сөз сыңғырының табиғилығы.

М.Мақатаев поэзиясы табиғи қазақы болмысымен, жанға жағатын ырғақ-екпінімен, мөлдіреп еркін құйылған әуезділігімен ерекшеленеді.

М.Мақатаев өлеңіндегі осы табиғилық, қарапайым қазақы табиғат болмысының шынайы бейнеленуі үлкеннің де, кішінің де көңіліне жылы ұялайды.

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**



90

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

Мұқағалидың ақындығы туралы:

**Жанғара Дәдебаев, филология
ғылымдарының докторы, профессор**



**Мұқағали Мақатаев –
қазақ поэзиясының
мәртебесін таудай биікке көтерген,
түркі дүниесінің, төрткіл дүние
әдебиетінің алтын қорын айрықша
асыл қазынамен байытқан ұлы ақын.**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



Амангелді Кеңшілікұлы,
әдебиет сыншысы



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

О, Мұқағали! Мен сенің отты жырларыңды оқығанда, болмыспен бетпе-бет жолығып, өзімнің тағдырыммен сөйлескендей қапаланады екенмін. Гетенің «Фаустындағы» Жер рухының: «Сен өзің танымақшы рухпен теңесесің», - деп айтқанындай, шындығында, мен саған құрмет көрсету үшін ғана емес, өзімнің рухымды тану үшін ескерткішіңнің алдына келіп тұр екенмін. Мен сенің тағдырыңа қарап, өзімнің қайғымды көреді екенмін. Мен әкемнің алақанындай мейірімді сағынғанда, көңілім жабырқап, көзім жасаурап, сенің жырларыңдағы адамгершіліктің сәулесін іздейді екенмін.

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

МУҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90



Туған халқым!

Қатемді кешіре гөр!

Кешіре гөр!

Кеш қылмай несібе бер!

Ақынды ая,

Өмірге ақын бергін,

Көрікті болсын десең көшің егер.

Ал мені... Кешіре гөр!

Кешіре гөр!...

Мұқағали

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Электронды көрме

90

МЕНИ ҚЫМБАТТЫ ДОСТАРЫМ!

**ЕГЕР СЕНДЕР ШЫНЫМЕН МЕНИ ӨМІРБАЯНЫМДЫ,
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМДЫ ЗЕРТТЕМЕК БОЛСАҢДАР, ОНДА
МЕН НЕ ЖАЗСАМ, СОНЫҢ БӘРІН ТҮГЕЛ ОҚЫП ШЫҒУДЫ
ҰМЫТПАҒАЙСЫҢДАР. МЕНІ ӨЗ ӨЛЕҢДЕРІМНЕН БӨЛІП
ҚАРАМАУЛАРЫҢЫЗДЫ ӨТІНЕМ.**

Мұқағали

14.02.1976

Орыс тілінен қазақ тіліне аударған Бексұлтан Нұржеке



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
Электронды көрме

90

**Электронды көрме әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында
дайындалды**

**Алматы
2021 жыл
ақпан**